

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Әлеуметтік педагогтың жылдық қорытынды есебі

2025-2026 оқу жылының тамыз айында аудандық білім бөлімінің хаты негізінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмектер көрсетілді. Атап айтар болсақ акцияға Жыланбұзған ауылының биі А.Досметов,ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауыл аксақалы Р.Байметовтардың қатысуымен және ауылдың белсенді азаматы Қ.Пирназаровтың демеушілігімен мектебіміздегі 27 оқушы мен мүмкіндігі шектеулі үйде оқитын 6 оқушыға мектеп сөмкесі мен мектепке қажетті оқу құралдарын сыйға тартты.



Одан әрі «АӘК алатын, әкесінің немесе анасының қамқорлығынсыз қалған», аз қамтылған және көп балалы тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 82 оқушыға «Мектепке жол» акциясында «Жалпыға бірдей міндетті білім қоры есебінен әр балаға 46 288 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Аталған қаржы ата-аналардың есеп шоттарына аударылды. Түскен ақшаның есебі мен дәлелді құжаттары жинақталды, көшірмелері АББ-на өткізілді.

Қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру айы болғандықтан, сынып жетекшілеріне арнайы үлгідегі «Сыныптың әлеуметтік құжаты», «Жаңадан келген оқушыны зерттеу» картасы таратылып беріліп, сол жұмыстардың нәтижесінде мектептің әлеуметтік куәлігі жасалды. Мектебімізде оқу жылының басында 484 оқушы, оның ішінде 160 оқушы көп балалы жанұядан шыққан оқушылар, 14 оқушы толық емес және сәтсіз отбасынан шыққан, 10 оқушы асыраушысынан айырылған немесе анасының қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан, үйде оқытылатын мүгедек 7 оқушы, ал мектеп ішілік қиын тәрбиеленуші ретінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ.

Айлық жоспарға мектебіміздегі 2025-2026 оқу жылында үйде оқитын 7 оқушының ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнама алу мақсаты: үйде оқытылатын оқушылардың ата-анасы мектептің оқыту бағдарламасы қанағаттандырады ма? Сауалнама қорытындысы: Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналары мектептің оқу бағдарламасымен қанағаттанады, мұғалімдер өз уақытында сабаққа барады, оқулықпен мектеп толық қамтамасыз етті. Оқушылардың оқу бағдарламасын қабылдауы жақсы. Оқушылардың ерекше қабілеттері әр түрлі. Үйде оқытылатын оқушылардың сынып ұжымымен қарым-қатынасы жақсы.



2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы №87 бұйрығы негізінде мектепте ыстық тамақпен 1-4 сыныптар бойынша 207 оқушы және ҚР Үкіметінің 2008 жылығы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 11 оқушы бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылған. Нормативтік құжаттардың жүргізілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, қоңырау кезінде оқушылардың асханада тамақ ішу кестесі және мектеп мұғалімдерінен кезекшілік құрылған, күнделікті мектептің әлеуметтік педагогі аптасына бір рет мектептің бракераж комиссиясы қадағалауда.



Әлеуметтік педагог:  А.Мелдебек